



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №24 (1891) 12 МАУСЫМ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі ұлттық жоғары оқу орындары арасындағы көшбасшылығын кезекті рет айқындай түсті.

Фараби университеті көш басында



Observatory on Academic Ranking and Excellence (IREG) Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (IAAR) өткізетін Қазақстанның сұранысқа ие жоғары оқу орындарының 2023 жылғы рейтингі нәтижесінде ҚазҰУ ең көп балл жинаған университет болып танылды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТОП-20 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАС РЕЙТИНГІ		
№	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АТЫ	КЕРІТІМДІ МӘТІНДІК БАЛЛ (МАҚ)
1	ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	27332
2	С.С. ТРАПЕЗНИКОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	24674
3	С.С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	23322
4	А.А. БАҚАТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	19318
5	ӘБДІЛЛА ШӘМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	19274
6	АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	17218
7	ТҮРКІЯ УНИВЕРСИТЕТІ	14414
8	ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ	14402
9	НАУАТ ОСТАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ	13802
10	ҚАЗАҚ АҚПАРАТТЫқ УНИВЕРСИТЕТІ	13640

IAAR рейтингінде өткен жылмен салыстырғанда бірлескен білім беру бағдарламалары санының 22 пайызға өскені байқалады. «Академиялық ұтқырлық» индикаторы бойынша бұл көрсеткіш 15 пайызға артқан.

Көшбасшылар үштігін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бастап тұр (375 132 ұпай). Одан кейінгі орындарда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (256 734 ұпай) мен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (135 122 ұпай).

Білім беру бағдарламаларының сандық рейтингі 1600-ден астам білім беру бағдарламаларының және ҚР жоғары оқу орындарының бас рейтингін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы ұлттық рейтингке қатысу білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етеді. Білім беру сапасының нарық талаптарына сәйкестік дәрежесі, оқытушылардың танылуы және ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігі туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Еңлік АҚЖІГІТ

Деректер негізінде шешім қабылданады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Academic Leadership Institute бағдарламасының Data driven decision making (деректер негізінде шешім қабылдау) үшінші модулі шеңберінде офлайн оқыту басталды.

Жобаның бастамашылары – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Назарбаев университетінің Жоғары білім мектебі.

Басқарма Төрағасы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев тренингке қатысушылар алдында сөз сөйлеп, «Деректер негізінде шешім қабылдау» бағдарламасының

үшінші модулін ҚазҰУ мамандары әзірлегенін атап өтті. ҚазҰУ модулінде оқу кезеңінде алынған білім мен дағдылар тиісті деректер мен аналитикалық әдістерді пайдалана отырып, қызметтің әртүрлі салаларындағы стратегиялық өзгерістердің дизайнын, көлемін және сипатын тиімді анықтауға көмектеседі.

«Бұл бағдарлама тез өзгеретін ортада өзгерістерді басқару дағдылары бар университеттердің жоғары кәсіби және тиімді басқару командаларын құруға және кеңейтуге бағытталған. Бұл еліміздің жоғары оқу орындарын тиімді басқаруға тамаша мектеп және мотивация деп санаймын», – деп атап өтті университет басшысы.

Іс-шара аясында Цифрлық үкіметті қолдау орталығының бас директоры Рүстем Биғари,

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының басшысы Жандос Шаймарданов, QS агенттігінің өңірлік директоры Сергей Христолюбов, «Қазақстан Ұлттық банк» ММ төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы басқарма төрағасының кеңесшісі Айдана Қасқырбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері және басқа да сарапшылар сөз сөйледі.

Оқу барысында жоғары оқу орындарының басшылық құрамы: ректорлар, проректорлар, декандар және департамент директорлары өз білімдерін жаңартады және бүгінгі күрделі жағдайда жоғары оқу орындарын тиімді басқару үшін қажетті дағдылар мен инновациялық технологияларды меңгереді.

Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА

Оқу ордасының ғылыми әлеуеті жоғары

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы Әбділда Шәменовпен кездесті. Жүздесуде екіжақты ынтымақтастық бағытындағы ұсыныстар талқыланды.

Ректор «Ғылым қоры» басшысына университет жетістіктері мен жоспарлары туралы айтып, ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалармен таныстырды.

«Біздің университет өзінің ғылыми және білім беру қызметін табысты жалғастыруда. Тек ұлттық ауқымда ғана емес, халықаралық деңгейде зияткерлік әлеуетін көрсетуде. Бүгінде университет ғалымдары әзірлеген 100 инновациялық жоба бар.



Қазіргі таңда ғылыми жобаларды ілгерілету және коммерцияландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰУ қалашығында Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары табысты жұмыс істейді. Сонымен қатар оқу ордасында жас ғалымдар

әзірлеген студенттік стартаптар бар. Біз университеттік ғылымды бірлесіп дамытуымыз керек», – деп атап өтті ректор.

Өз кезегінде «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы Әбділда Шәменов ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуеті жоғары екенін айтып, серіктестік орнату бойынша барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әдеби мұрамыз араб тіліне аударылады

2-бет

Әдебиеттану майталманы

3-бет

Үлкен Британика энциклопедиясына енген қазақ

7-бет

Екі ел ынтымақтастыққа ынталы


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Шенжен университеті Медицина мектебінің атқарушы директоры, профессор Синьци Сю (Хавьер) бастаған Қытай делегациясы келді. Олар ҚазҰУ мұражайын, Жағдаяттық басқару орталығын (СММ), биология және биотехнология факультетінің зертханаларын аралады.

Қонақтарды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, университеттің ҚХР жоғары оқу орындарымен, ғылыми институттарымен ынтымақтастық байланыстарын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Халықаралық мәдени дипломатия институтының төрағасы Мұхаммед Камил әл-Муайни, Халықаралық мәдени дипломатия институты Директорлар кеңесінің мүшесі Мұхаммед Исмаил Карим және Араб тілі академиясының бас хатшысы Мұхаммед Сафи Мостеганеми жұмыс сапарымен келді.

Әдеби мұрамыз араб тіліне аударылады



Сапар барысында құрметті қонақтар ҚазҰУ музейін аралап, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен кездесті.

Жүздесуде тараптар серіктестікті арттыру бойынша әңгімелесіп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев БАӘ-де ҚазҰУ филиалын ашуды ұсынды.

Өз кезегінде Халықаралық мәдени дипломатия институтының төрағасы Мұхаммед Камил әл-Муайни университет басшысы Жансейіт Түймебаевқа алғысын білдіріп, серіктестікті дамытуға

бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Кездесу барысында Араб тілі академиясының бас хатшысы Мұхаммед Сафи Мостеганеми: «ҚазҰУ тарапынан айтылған ұсыныстарды қолдаймыз. Бастама екі елдің тарихы мен мәдениетіне және әдебиеттің дамуына үлкен демеу болары сөзсіз. Біз араб тіліне аударатын кітаптар бойынша жұмыс жүргіземіз. Сондай-ақ ҚазҰУ студенттерін БАӘ-де тағылымдамадан өткізуге мүмкіндігіміз бар», – деді доктор Мұхаммед Сафи Мостеганеми.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Алматыда өткен Huawei Middle East & Central Asia Tech Carnival 2023 саммитіне қатысты.

Цифрландыру - өркениет өзегі



«Жоғары білім беруді цифрландыру» тақырыбында өткен іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Кәміл Ақатов, жоғары оқу орындарының ректорлары мен институттарының басшылары, Huawei компаниясының өкілдері мен шетелдік эксперт мамандар қатысты.

«ҚазҰУ жанындағы Huawei АКТ академиясы Huawei компаниясының Қазақстандағы маркетингтік және білім беру жобасына айналды. Бұл біздің студенттерге үлкен мүмкіндіктер ашты. Енді олар сертификаттау емтихандарын тегін тапсыра алады, Seeds For the Future мәдени-ағартушылық бағдарламасына, желілік және бұлттық технологиялар бойынша халықаралық АКТ байқауына қатыса алады», – деп атап өтті ректор.

Университет басшысы ҚазҰУ-дың Huawei компаниясымен серіктестікті дамыту мен нығайтуды мақсат етіп отырғанын атап өтіп,

мынадай бастама көтерді: студенттер халықаралық көрмеде Huawei технологияларын пайдалана отырып, өздерінің инновациялық жобаларын ұсына алатындай АКТ байқауы аясында үшінші бағыт – инновациялар конкурсын өткізу; ҚазҰУ базасында Talent Hub білім беру хабын ұйымдастыру; сымсыз желілер, заттардың интернеті, деректерді сақтау жүйелері, бұлттық есептеулер, машиналық оқыту, 5G жабдықтары және жасанды интеллект сияқты әртүрлі салаларда қосымша тегін жабдықты жеткізуді қамтамасыз ету; ҚазҰУ базасында смарт университеттің таныстырылымдық кампус желісін тегін орналастыруды ұйымдастыру.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев айтылған ұсыныстар жоғары білімді цифрландыруға және ақылды университет құруға жаңа серпін беретінін атап өтті.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА

Екі ел ынтымақтастыққа ынталы



Соңы. Басы 1-бетте

Бүгінде ҚазҰУ Қытайдың 50 жоғары оқу орнымен және түрлі саладағы ұйымдарымен тығыз байланыста. Соңғы үш жылда ҚазҰУ-дың 79 студенті ғылыми тағылымдамадан өтіп, Қытай университеттеріндегі жазғы мектептерге қатысты, сондай-ақ 37 оқытушы Қытайға тағылымдама мен семинарларға барып қайтты.

Қазір ҚазҰУ-да 401 қытайлық студент оқиды, олардың ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша 168, келісімшарт бойынша 233 студент дәріс алуда.

Университетте Қытайтану кафедрасы және Конфуций институты жұмыс істейді. Айта кету керек, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сиань қаласына мемлекеттік сапары аясында 2023 жылғы 18-19 мамырда Шенжен университетімен өзара түсіністік туралы келісімге қол қойылды. Университет ректоры осы ынтымақтастықтың келесі кезеңі биология және биотехнология саласындағы бірлескен зерттеулер болатынын атап өтті.

Кездесуде ҚазҰУ басшысы университеттегі медицина және денсаулық сақтау, биология және

биотехнология факультеттерінің қызметіне тоқталды.

Өз кезегінде профессор Синьцзи Сю Шенжен университетінің ғылыми-білім беру қызметі туралы хабардар етті. Келіссөздер барысында тараптар ортақ жобаларды талқылап, алдағы жоспарлар туралы айтты.

ҚХР делегациясының өкілдері ҚазҰУ-дың 21 студентіне Шенжен университеті Медицина мектебінде жазғы мектеп бағдарламасы аясында практикадан өту үшін арнайы шәкіртақы табыстады.

Гүл БАЯНДИНА

Харбин университеті - ҚазҰУ серіктесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Харбин политехникалық университетінің проректоры, профессор Чжэнь Лян бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында ҚазҰУ мен Харбин политехникалық университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Жүздесуде ректор ҚазҰУ-дың Қытай университеттерімен әріптестік байланыстарына тоқталып, оқу ордасының ғылыми-білім беру саласындағы жұмысының бағыттары мен жетістіктерін таныстырды. Сондай-ақ бірқатар ұсынысын жеткізді.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев қытайлық әріптестерге ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобаларды



таныстырып, ғылыми бағытта бірлесіп жұмыс жүргізуге шақырды.

«Харбин политехникалық университеті – Қытайдағы көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі. Алдағы уақытта серіктестікті арттыру бағытында жұмыстар атқарылуы қажет. Студенттер мен оқытушыларды алмасып, тағылымдамадан өткізген абзал. Бірлесіп ғылыми конференциялар, симпозиумдар ұйымдастыру қажет. Аталған жұмыстар екі жоғары оқу орнының ынтымақтас-

тығын одан әрі арттыратыны сөзсіз», – деді ректор

Өз кезегінде Чжэнь Лян оқу ордасының басшысына ризашылығын білдіріп, Харбин политехникалық университетінің құрылымы мен қызметі туралы айтып берді. Сонымен бірге Қытай мен Қазақстан арасындағы серіктестік күн санап артып келе жатқанына тоқталды.

Тараптар пікір алмасып, алдағы атқарылатын жұмыстарды саралады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының 30 жылдығына арналған іс-шараға қатысты.

Биыл 30 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы түркі өркениетінің тарихи-мәдени және рухани мұрасын жаңғырту ісіне, түркі халықтарының бірлігіне, сондай-ақ түркі мәдениетін халықаралық аренада насихаттауға және ілгерілетуге елеулі үлес қосып келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев университет ұжымы атынан ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевты және қатысушыларды мерейтойымен құттықтады.

«Осы жылдар ішінде халықаралық ұйым түркі халықтарына

Түркі әлеміндегі тұтастық



ортақ материалдық және мәдени ескерткіштерді сақтап, дамыту және болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатына айқын қол жеткізді. Бүгінгі таңда университетіміздегі ТҮРКСОЙ кафедрасында түркітану саласы тереңдетіліп оқылып, жаңадан ашылған Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтында сирек кездесетін қолжазбалар мен сирек кездесетін

кітаптар зерттелуде. ҚазҰУ мен ұйымның ынтымақтастығы алдағы уақытта да тұрақты жалғаса береді деп сенім білдіремін. Түркі халықтары арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға бағытталған жұмыстарыңызға табыс тілеймін!» – делінген құттықтауда.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қансейіт Әбдезұлының 70 жылдық мерейтойына арналған «Қансейіт Әбдезұлы және қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Әдебиеттану майталманы



Жиында Қансейіт Әбдезұлының «Ақиқаттың алдаспаны» атты жаңа сын жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.

Конференцияның ашылуында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мерейтой иесіне арнаған құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ мерейтой иесіне Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мен ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваның, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің құттықтау хаттары табысталды.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Қансейіт Түймебаев: «Қансейіт Әбдезұлының негізгі ғылыми-педагогикалық қызметі ҚазҰУ-мен тікелей байланысты. Көрнекті ғалым қазақ әдебиеттану ғылымы мен сын жанрында жемісті еңбек етіп келеді. Қазақ әдебиетінің тари-



хына, әдеби сынға арналған бірнеше оқулық пен оқу құралдарын жазды. ҚазҰУ-дың филология факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарды. Бүгінде ҚазҰУ-дың Абай ғылыми-зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер ретінде ұлы Абай мұрасын зерттеуге елеулі үлес қосып келеді. Қансейіт Әбдезұлының әдебиеттану саласындағы ізденістері түркі әлеміне ортақ еңбек ретінде бағаланды», – деді ректор.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Еліміздің ЖОО студенттері арасында өтіп жатқан XII жазғы универсиада ойындарында ҚазҰУ-дың қыздар құрама командасы тоғызқұмалақтан III орынды иеленді.

ҚазҰУ құрамасы алғы шепте



Заң факультетінің 1-курс студенті Айдана Сауытбек пен механика-математика факультетінің 1-курс студенті Зухра Сайдулла ұлттық ойында қарсыластарын басып озып, қола жүлдені ұтып алды.

Бүгінге дейін студенттер арасындағы дүбірлі додада ҚазҰУ құрама командасы шахматтан I орынды, ерлер арасындағы 4x100 эстафета сайысында II орын, қыздар арасында ядро лақтыру жарысында I орынды ұтып алды.

Универсиада ойындарының барша жеңімпаздары тамыз айында Қытайдың Чэнду қаласында спорттың 10 түрі бойынша ұйымдастырылатын XXXII дүниежүзілік универсиадаға жолдама алады. Сондай-ақ жүлдегерлер қыркүйек айында Түркістан қаласында өтетін II Түркі универсиадасына да қатысуға мүмкіндік алады.

Жас спортшыларымызды табысты жүлделерімен құттықтаймыз!

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Білімдегі цифрландыру мүмкіндіктері

«Цифрландыру тұтас елдер мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы факторға айналды. 2025 жылға қарай әлемдегі цифрлық нарық 50 пайызға артып, 6,8 триллион долларға жетеді деп болжанып отыр. Болжам бойынша 10 жылда әлемдегі тауар өндірісі мен көрсетілетін қызметтердің 70 пайызында цифрлық технологиялар қолданылады. Бұл үрдістің Қазақстан үшін аса маңызды екенін анық түсінеміз. Басқаша айтқанда, цифрландыру біз үшін ұлттық маңызы бар мәселеге айналды. Біз Еуразиядағы ең ірі өрі озық цифрлық хабтардың бірі болуды көздеп отырмыз», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда өткен шетелдік инвесторлар саммитінде.

Мемлекет басшысы жуырда әлемдегі 62 ел Орталық Азияның орнықты дамуы үшін Қазақстанда Біріккен Ұлттар Ұйымының цифрлық шешімдер орталығын құру туралы бастамасын бірауыздан қолдағанын айтты. Цифрлық дамуға біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де қомақты үлес қосып отыр. Оны төмендегі мақаладан оқи аласыздар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі жетекші жоғары оқу орны ретінде нарықта сұранысқа ие кадрларды даярлау бағытында мақсатты жұмыстар жүргізуде. Қазақстанда жоғары оқу орындарындағы білім беруді цифрландыру – бұл саланы реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі. Қазіргі әлем елдерінің өмірінде цифрлық технологияның дамуы шешуші рөл атқарады. Ол экономиканың барлық саласын қамтыған, онсыз ілгерілеу жоқ. Бүгінде дамыған цифрлық инфрақұрылым білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналды. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн курстардың желілері мен платформаларын дамыту, көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру – уақыт талабы.

Қара шаңырақ ҚазҰУ «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында білім саласын цифрландыруда алдыңғы қатарда келеді. ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағытымен мақсатты түрде айналысуда. Былтыр университет QS әлемнің ең үздік жоғары оқу орындары арасында халықаралық рейтингте 150-орынға тұрақтады. Бірнеше оқу бағдарламалары EUR-ACE® Label еуропалық сапа белгісін иеленген. ҚазҰУ қосдипломдық жүйе бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен 70-тен аса бағдарламаны жүзеге асырып отыр. Ірі жоғары технологиялы корпорациялар университеттің зерттеу және білім беру жұмыстарын бірлесе атқаруға ниет білдірді. ҚазҰУ-да Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Samsung, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei, SAP және тағы басқа әлемдік компаниялардың 16 ғылыми-білім беру орталықтары құрылған.

ҚазҰУ әлемнің 130-дан астам жоғары оқу орнын біріктіретін Жаңа Жібек жолы университеттерінің альянсымен бірлесіп, халықаралық IT-технопаркін құрды. Бүгінде ҚазҰУ-да IT-технологияларды дамытудың негізгі бағыттары айқындалған. Атап айтқанда: университеттің қызметін автоматтандыру үшін бұлтты технологиялар, кампусың инфрақұрылымын басқару мақсатында smart-технологиялар, талдау жүйесін қалыптастыру үшін Big Data технологияларын енгізу, сондай-ақ IT қызметтерінің аутсорсингін дамыту жоспары бар. Осылайша әлемге әйгілі Microsoft компаниясы университеттің заманауи IT-технологияларды дамыту және кеңінен енгізудегі жұмысын жоғары бағалады. ҚазҰУ – Microsoft Campus Connections саммитінде «Э-кампус» жобасын

ұсыну мүмкіндігіне ие болған ТМД елдеріндегі бірден-бір университет. Бұл жоба компания өкілдері мен шетел университеттерінің қызығушылығын тудырды. Microsoft ҚазҰУ-дың стратегиялық әріптесі ретінде университетте Microsoft Power BI бұлт бизнес-талдау қызметін енгізуде. Университеттің «E-campus» бағдарламасы аясында барлық бизнес-процестер цифрлық форматқа ауыстырылды. Оқу процесін, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-экономикалық және әкімшілік-басқару қызметін интеграциялық басқару заманауи байланыс құралдарымен жабдықталған жағдайлық басқару орталығымен қамтамасыз етілуде.

IT және қашықтан оқыту технологияларын белсенді дамыту ашық білім беруді дамытуға ықпал етті. ҚазҰУ-дың жеке ашық онлайн-курстарын құру жөніндегі жұмысы ҚР Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясы және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Ашық білім берудің ұлттық платформасын (moocs.kz) құруға мүмкіндік берді. Бұл бастамаға Жаңа Жібек жолы университеттер альянсының жоғары оқу орындары да қолдау білдірді.

Соның ішінде білім беру саласында ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті Рекреациялық география және туризм кафедрасының ғалымдары да туристік салада білікті де білімді мамандарды даярлауда және университеттің қарқынды дамуына атсалысуда. Қазіргі уақытта кафедра «Туризм», «Мейрамхана және қонақүй ісі» білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бакалавриат – магистратура – PhD докторантура жүйесі бойынша жұмыс істейді. Кафедра 2012 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алғаш рет дүниежүзілік туристік ұйым UNWTO TedQual жүйесінде туристік білім беру сапасын халықаралық сертификаттау рәсімдерінен өтті. Мадридтегі UNWTO штаб-пәтерінде «Bachelor in Tourism» және «Master in Tourism» білім беру бағдарламалары сапасының халықаралық стандарттарына сәйкестігі туралы дипломдар табыс етілді. 2015 жылы бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары білім беру қызметтері нарығындағы көшбасшылық ұстанымдарын растай отырып, FIBAA жетекші еуропалық аккредиттеу агенттігінің сапа сараптамасынан және аккредиттеуінен өтті. 2019 жылдан бастап мамандандудың негізгі бағытына бизнес-қоғамдастықтағы әріптестермен ынтымақтастықта іске асырылатын және практикалық бағытымен ерекшеленетін



«Мейрамхана ісі және қонақүй менеджменті» бағыты қосылды.

Былтыр Рекреациялық география және туризм кафедрасының білім беру бағдарламалары: B091 – Туризм бакалавриат және D143 – Туризм докторантура білім беру бағдарламаларының тобы бойынша 2022 жылғы IARR рейтингіне қатысушы жоғары оқу орындарының арасында 1-орын алды және 7M11101 – Туризм магистратура білім беру бағдарламаларының тобы бойынша 2-орынды иеленді.

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы халықаралық шарттардың негізінде кафедра ТМД, алыс шетелдердің жетекші кафедраларымен, сондай-ақ шетелдік ғылыми ұйымдармен және орталықтармен тұрақты іскерлік байланыстар мен әріптестік байланыстарды қолдайды. Олардың легі өте көп, бәрін бірдей атап өту мүмкін емес.

Сонымен қатар ғалымдарымыз «tourismkaz» мобильді қосымшасын әзірледі. Оның авторлары – Рекреациялық география және туризм кафедрасының ғалымдары. Жоба ҚР Ғылым және жоғары білім беру бағдарламаларының қолдауымен жүзеге асырылды. Доцент Әлия Ақтымбаеваның айтуынша, мобильді қосымша демалысын өз бетінше ұйымдастырғысы келетін туристер мен туристік қызметтердің әртүрлі түрлерін жеткізушілер үшін бұлтты технологиялар негізінде біріктірілген деректер базасы бар екі нұсқада жасалған.

Сонымен, туристер онлайн режимінде жергілікті туристік аймақтар туралы пікірлерді оқып, орналасқан жерін көре алады, қызығушылық турын құруға мүмкіндігі бар, тапсырыс бере алады, көлік және трансфер, тұру, тамақтану, гид, аудармашы, экскурсовод қызметтеріне ақы төлей алады. Сондай-ақ мобильді қосымшада сапарға не әкелуге болатыны туралы нұсқаулық, демалыс орнында QR кодтарын сканерлегеннен кейін демалыс кезеңінде тур-объектілер туралы пайдалы ақпарат берілген. Бұл платформада туристік қызметтердің әртүрлі түрлерін жеткізушілер де тіркеле алады. Олар жеке кабинет құра алады, оған өз ұсыныстары туралы ақпаратты жүктей алады және аумақтық қағидат бойынша туристік аймақтың және Қазақстанның басқа жеткізушілерінің ұсыныстарымен интеграциялау есебінен сатуды ұлғайта алады.

Университеттің негізгі стратегиялық мақсаты – жаһандық ғылым және білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін құру. Бұл мақсатты жүзеге асыру білім сапасын арттырып, озық шетелдік тәжірибелерді университетке және Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарына енгізу барысын жеделдетеді. Біздің университет және кафедра ғалымдары осы маңызды мақсаттың табысты жүзеге асуына барлық күш-жігерін жұмсайтын болады.

Мархаба ТУМАЖАНОВА,

аға оқытушы

Гүлнар ОРЫНБАСАРОВА,

PhD, аға оқытушы

Түркі әдебиетін танытушы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Болатхан Сарбасов – тәжірибелі ұстаз, көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеуші, әдебиеттанушы ғалым. Білім беру жүйесіндегі заманауи жаңа инновациялық технологияларды игеру, сондай-ақ жас педагог мамандардың бойында рухани ұлттық адамгершілік құндылықтарды дамыту – ұстаздың басты қағидасы.



Салауатты да саналы ұрпақ қамын ойлар болсақ, жас ұрпақты ата-бабамыздан қалған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға, ақыл-парасаты мол, ізетті, кішіпейіл мәдениетті азамат етіп тәрбиелеуде Болатхан Серғазыұлының атқарған еңбегінің күәсі болып жүрміз.

Осы жерде ғалым-ұстаздың өмір дерегіне қысқаша тоқталғанды жөн көріп отырмыз. Болатхан Сарбасов 1973 жылы Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданы Көкжота ауылында дүниеге келген. Мектепте озат, тәртібі түзу, белсенді шәкірт Болатхан Серғазыұлы арман қуып Алматыға жол түскенде ҚазҰУ-дай қара шаңырақта білім алу бағы бұйырады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін (1998 ж.), одан кейін магистратурасын (2000 ж.), М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (2004 ж.) бітірген.

Болатхан Сарбасовтың негізгі ғылыми бағыты – ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркі ескерткіштерінің зерттеу тарихы. Шыны керек, ғылымның бұл саласына екінші бірі жолай бермейді. Өйткені көне әдеби ескерткіштердің, оның ішінде түркі жәдігерлерінің шежіресін, тарихын зерттеу, зерттелгенді зерделеу жеңіл шаруа емес. Бұған терең білім мен үздіксіз ізденіс керек. Біраз уақыт тәлім мен тәжірибе жинақтаған білікті маман 2010 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Фольклортану» мамандығы бойынша «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Осыдан кейін оның ғылымдағы даңғыл жолы ашылды.

Болатхан Серғазыұлы профессор міндетін атқарушы, ҚР ҒҰЖБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының және «Қазақстан Республикасының еңбек озаты» төсбелгісінің иегері.

2003-20 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында қауым-

дастырылған профессор қызметін атқарды. 2019-20 жылдары осы университеттің Филология институтында Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды.

2019 жылдан бастап Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессор міндетін атқарушы қызметінде магистранттар мен докторанттарға дәріс оқиды. ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Махамбет Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты» (оқу құралы), «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші» (монография), «Рухани тәрбие әлемі» (әдістемелік тәрбие құралы), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (оқу құралы), «Қытайдағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (электронды оқулық) бағдарламаларын жазды. Қазақ тілі мен әдебиеті курсы бойынша бейіндік бағдарламалары, ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (оқу құралы), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (оқу құралы), «Абайтану» бағдарламасы (9-сынып), «Жамбылтану» бағдарламасы (9-сынып), ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» (оқулық) және 170-тен аса ғылыми зерттеу еңбектер мен ғылыми мақалалардың авторы атанды.

Өзінің тәжірибелі ұстаздық шеберлігімен Болатхан Серғазыұлы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық «Құрмет белгісі» медалімен, ҚР «Өрлеу» білім-ғылым технология интернет порталы білім беру саласында айрықша еңбегі үшін «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен және білім саласына қосқан елеулі үлесі үшін ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне орай, республикалық «Білім шыңы – ғылым сыры» журналы ұйымдастырған «Мәңгілік елдің мәртебелі мұғалімі» жобасының арнайы медалімен марапатталды.

2018 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін

«Ы.Алтынсарин» медалін кеудесіне тақты. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығында «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» күміс медалінің иегері атанды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» куәлігімен және медалімен марапатталды.

Таяуда ҚР «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «ҚР еңбек озаттарының алтын кітабы» атты республикалық байқаудың жеңімпазы болды. Білім және ғылым саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін «Қазақстан Республикасының еңбек озаты» төсбелгісінің иесі атанды.

Бар өмірін білім саласына арнаған Болатхан Серғазыұлының ұстаздық қызметі, қарапайым қажырлы еңбек жолы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің шынайы үлгісі екені даусыз. Ғалым-ұстаздың білім саласындағы ұзақ жылғы еңбегін жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне, саналы азамат, парасатты тұлға болып қалыптасуына қосқан зор үлес деп білемін.

Жоғарыда біз атап өткен ғылыми жұмыстар қажырлы еңбектің арқасында өмірге келген құнды дүниелер. Ал марапат белгілері әдебиеттанушы ғалымның маңдай терінің өтеуі. Өйткені ғылым жолы – өте күрделі, сан қатпарлы жол. Оған ізденіс, еңбекпен бірге, мықты жүйке де керек.

Қорыта айтқанда, ғалым, ұлағатты ұстаз Болатхан Серғазыұлының өмір белестерінде қажырлы еңбекпен жеткен жетістіктерін мақтанышпен жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттау, бүгінгі жас ұрпақтың ой-санасына сіңіру баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Гүлназ ДӘУІТОВА,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы мен өңірлік қолбасшылықтарының баспасөз қызметтері жетекшілері және ҚР Ұлттық ұлан академиясының өкілдеріне арналған республикалық жиын өтті. Жиын қатысушыларына журналистика факультетінің профессор-оқытушылары мен Қазақстанның медиа және PR саласындағы мамандар практикалық сабақтар өткізді.

Салалық журналистиканы дамыту - заман талабы

Үш күндік курстар Қазақстанның әскери журналистикасындағы өзекті мәселелер пікір өзегіне айналған дөңгелек үстелге жалғасты.

Шара модераторы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, әскери журналистика ардагері, запастағы полковник Қуаныш Қожахметов республикалық жиынды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен университет, факультет басшылығына алғыс білдірді. ҚР Ұлттық ұланы Ақпараттық-баспа бөлімінің бастығы, «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының редакторы, полковник Ерболат Сұлтанов қазақстандық патриотизмді насихаттаудағы әскери журналистиканың рөліне тоқталды.

ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының профессоры Ләйла Ахметова әскери журналистерге мұрағат материалдары негізінде патриоттық сана қалыптастырудың қажеттігін баса айтып, Панфилов дивизиясына қатысты тың деректер келтірді. Ал кафедра доценті Александр Рожков БАҚ-тағы

дәстүрлі құндылықтар, кәсіби әскери журналистер даярлау туралы ойларын ортаға салды. Кафедраның аға оқытушысы Арман Құдабайдың психологиялық операциялар және ақпараттық соғыстар туралы баяндамасы шара қатысушыларының ерекше қызығушылығын туғызды. Университетіміздің түлегі, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің жастар саясаты мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Қанат Әуесбай руханият пен патриотизмді қалыптастырудағы БАҚ-тың орны мен рөліне тоқталып, жастарды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу саласындағы кезек күттірмейтін проблемаларды атады.

Мұндай жиындар салалық журналистиканы дамытуға игі ықпал ететіндіктен, болашақта ізгі шаралар жалғасын табары сөзсіз.

Назгүл ШЫҒЫСОВА,
ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі

Сыр өңірінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, математик Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқау өтті.

Қуаныш - математиктер байқауының жүлдегері



Білім додасына еліміздің барлық аймақтары мен көршілес Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен 18 бен 28 жас аралығындағы математиктер қатысты. Байқауға 1700-ден аса үміткер өтінім беріп, ең мықты деп іріктеліп алынған 100 қатысушы бақ сынасты.

Жас математик мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға, студенттер мен оқушылардың білім деңгейін арттыруға арналған байқау өз мәресіне жетіп, қорытындысы жарияланды.

Байқау қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің 2-курс студенті Қуаныш Жолдасов жүлделі I орынды иеленді. Қуаныш Серікұлы арнайы диплом, «Үздік математик» номинациясымен және 1 миллион теңге сыйлық сертификатымен марапатталды.

Нұрсұлтан САҒЫНАЙҰЛЫ,
механика-математика факультеті деканының орынбасары

Игілікті инновация

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАУЫСТЫ ТАҢУ КӨМЕКШІ ҚҰРАЛЫНЫҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Қазір адамды анықтау үшін биометриялық әдістер қолданылады. Биометрия – бұл адамды бірегей физиологиялық немесе мінез-құлық сипаттамаларына негізделген сәйкестендіру әдістері мен құрылғыларының жиынтығы. Биометриялық әдістер мыналарды қамтиды: саусақ ізін алу; көз торын анықтау; бет әлпетті тану, дауысты тану; қолжазбаны тану.



Бұл жобаның мақсаты – жасанды интеллектіні пайдалану арқылы дауысты тану. Сонымен қатар оны нақты уақыт режимінде бақылау функциясын орындайтын қосымшаны іске асыру.

Біз ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамыту, сондай-ақ цифрлық салада тілдерді қолдануды ілгерілету мақсатында сөйлеу синтезінің жобасын әзірледік. Мәтінді сөйлеуге түрлендіру дегеніміз – адамның сөйлеуін жасанды түрде жасау. Бұл жазбаша мәтінді сөйлеу сигналына түрлендіруге мүмкіндік береді. Мұндай технология интерактивті виртуалды ассистенттер, навигациялық жүйелер, ескерту жүйелері, нашар көретіндерге

арналған көмекші технологиялар сияқты көптеген қосымшалардың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Ол визуалды және тактильді интерфейсті қажет етпестен адамның технологиямен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Дауысты тану және боттың жауаптарын дауыстау үшін Speech Recognition кітапханасы қолданылады. Жүйе сұрақ туындаған кезде шексіз циклді күтеді, біздің жағдайда микрофоннан дауыс шығады, содан кейін оны мәтінге түрлендіреді және нейрондық желіге өңдеуге жібереді. Мәтіндік жауап алғаннан кейін ол сөйлеуге айналады, жазба жоба қалтасында сақталады және ойнатылғаннан кейін

жойылады. Негізі, әдепкі параметрлермен жауап беру уақыты жеткілікті ұзақ болуы мүмкін, кейде 15-30 секунд күту керек болады.

Осы мақала аясында дауыстық көмекшіні іске асыру тәжірибесін практикалық түрде студенттермен бөліскіміз келеді әрі оны бұдан да ақылды және пайдалы ету үшін бірталай идеяны қарастыру арқылы қоғамға тың бағдарламалар алып келу жағын ойластырған абзал екенін айтамыз.

Дария БАЙМАНОВА,
Жанар МЕДЕТБЕК
ақпараттық технологиялар факультеті

Қолданыстағы заңнама бойынша мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба және Өнұран. Рәміздерді әзірлеу, сондай-ақ қолдану ережелерін бұзған жағдайда әкімшілік, ал қасақана бұлдіріп-жойған ретте қылмыстық жауапкершілікке тартады.

Мемлекеттік рәміздерді қалай қорғап жүрміз?



Мемлекетті формалды таңбалауды – рәміздер дейміз, бірақ мұны мемлекеттің өмірмәнді белгілерімен (халқы, аумағы, билік жүйесі, салық және әскері) шатастырмаған жөн. Сәйкесінше, оның мәртебесіне сай, қоғамға төнетін қауіптілігі де салыстырмалы түрде жоғары емес. Алайда бұл жағдай барлық елде біркелкі емес, ол түрлі факторларға тәуелді екенін көріп отырмыз.

Бірінші фактор – соғыс жағдайы. Украина заңнамасында мемлекеттік рәміздерге қатысты жауапкершілік жоғары. Құқық бұзушылықтың құрамдары мен оларға белгіленетін жаза түрлері де көп.

Екінші фактор – деколонизациялық процесс. Мұндай кезеңде мемлекеттік рәміздер нәзік тақырыпқа айналып, қоғамда тұрақты түрде резонанс тудырып отырады. Посткеңестік елдерге, соның ішінде Қазақстанға да бұл таныс жағдай.

Үшінші фактор – мемлекеттердің даму деңгейі. Дамушы елдермен салыстырғанда дамыған елдерде мемлекеттік рәміздердің қорғалуы жайы жиі көтерілмейді және жазау саясаты да жұмсақтау келеді. Бұдан орта тапты қалыптастырудың егемендік туралы көңіл күйге де жағымды әсер ететінін

байқаймыз. Қоғамның да, мемлекеттің де құқықтық иммунитеті мен сенімі күшті.

Тәуелсіздік жарияланғанымен, Қазақстандағы егемендену процесі әлі аяқталған жоқ. Мемлекеттік билік органдарының егемендігі тым баяу дамуда. Алайда еліміз қайсыбір елмен жаулық қатынаста емес. Сәйкесінше, мемлекеттік рәміздерді қорлайтын өрескел оқиғалар тіркелген жоқ. Дегенмен қазіргі геосаяси жағдай сепаратистік пиғыл үшін қолайлы орта болып тұр. Ішкі және сыртқы саясаттағы тәуекелдер көп.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды: мемлекеттік рәміздерге қатысты отандық жаза саясаты «жұмсақ» пен «қаттының» арасында болуы тиіс. Тарқатып айтар болсақ, мемлекеттік рәміздердің құтты болуы дегеніміз – соғысы жоқ ел, орта тап өкілдері қоғамның басым көпшілігін құрайтын ел, билік органдарының егемендігі (әсіресе парламентаризм) дамыған мемлекет.

Қазыбек ДӘУІТӘЛІ,
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.

Тиімді басқарудың заманауи тәсілдері

Таяуда ЮНЕСКО бойынша тұрақты даму кафедрасының оқытушылары F3J және X5 бойынша меңгерушісінің орынбасары О.Зубова, доцент Т.Тәжібаева «Адам және биосфера» қазақстандық комитеті (ЮНЕСКО МАБ) ұйымдастырған «Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСКО биосфералық резерваттарын тиімді басқарудың заманауи тәсілдері» тақырыбындағы семинарға қатысты.



Семинардың мақсаты – биосфералық резервтер мен Дүниежүзілік мұраның табиғи объектілерінің қазақстандық ұлттық желісін дамытудағы ЮНЕСКО-ның тұжырымдамалық рөлін жариялау; Қазақстанда Лима іс-қимыл жоспарын (ЛІҚЖ) жүзеге асырудағы проблеманы талқылау және жобалар идеяларын ұсынумен ЛІҚЖ жүзеге асырудың жалпы тәсілдерімен келісу; Қазақстандық биосфералық резервтердегі жетістіктер мен қазіргі ахуал туралы ақпарат алмасу, сондай-ақ бар проблемаларды талқылау.

Семинар модераторы ЮНЕСКО МАБ бағдарламасының Қазақстандық ұлттық комитетінің төрағасы Р.Ященко болды. Семинар жұмысына 30 адам, оның ішінде Алакөл, Алматы, Шарын, Алтын-Емел, Жоңғар резерваттарының, «Көлсай көлдері» резерватының,

әлеуетті Іле-Алатау және Іле-Балқаш биосфералық резерваттарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ жастар қоғамдастығы өкілдері қатысты.

Семинар барысында қатысушылар қазақстандық биосфералық резерваттардағы жетістіктер мен ағымдағы ахуал туралы ақпарат алмасты. Сондай-ақ басқарудың бар проблемаларын ортаға салды. Олар «ҚР ЮНЕСКО-ның биосфералық резерваттарын тиімді басқарудың заманауи тәсілдері» жобасын сыни тұрғыдан талқылап, биосфералық резерваттарды құруға номинациялық өтінімдер беру рәсімдері мен қағидаттары және мерзімді есептілік процесі туралы

ақпарат алды. ЮНЕСКО-ның ұлттық биосфералық резерваттар желісін дамытудағы бірлескен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері жайлы пікір алмасты.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары сонымен қатар кафедраның білім беру бағдарламалары практикасының базасы ретінде Алматы облысының биосфералық резерваттарымен ынтымақтастық мүмкіндіктері жөнінде ой бөлісті.

Гүлжанат ТАНАБЕКОВА,
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының аға оқытушысы

Человек великолепной души

На факультете филологии и мировых языков работает Екшембеева Людмила Владимировна — казахстанский ученый, доктор филологических наук, профессор, просто красивая женщина, общение с которой всегда вызывает улыбку. Это открытый человек, оптимист, неунывающий даже в самой сложной ситуации. Ее лучезарные красивые глаза и замечательная улыбка не может обворожить собеседника. Она не может не вызвать доверие и желание довериться ей всецело. Я рада, что мне довелось встретиться и работать с таким человеком. при общении с которой мы можем чувствовать себя комфортно быть самим собой!



сионализм Людмила Владимировна награждена "За заслуги в области образования РК" и была призером государственного гранта "Лучший преподаватель вуза" 2008 года, а также медалью А.С.Пушкина.

Мы можем с уверенностью утверждать, что Екшембеева Людмила Владимировна человек, который может своим примером помочь подрастающему поколению молодых ученых стать более зрелыми и вырасти как личности. Такие ее качества, как страсть к любимому делу, четкий набор убеждений, бескорыстие, способность принимать других и умение преодолевать трудности, способны направить нас, молодых ученых, в нужном направлении; смотивировать и вдохновить к открытию новых горизонтов науки и попытаться их достичь!

Сауле БЕГАЛИЕВА,
д.ф.н., профессор кафедры
Русская филология и
мировая литература

Раушан МАТКЕРИМОВА,
докторант 1 курса
специальности
«Русский язык и литература»

специальности «Русский язык и литература» результатов исследования дискурсных стратегий и инструментов воздействия в сфере социальных практик. Учебно-методическое пособие позволяет организовать учебную работу по дисциплине в рамках компетентного подхода. Под руководством Екшембеевой Л.В. в соавторстве Ж.А.Нуршаиховой, М.Ш.Мусатаевой выпущен практикум «Технологии и методики дискурсного воздействия», который является практическим учебным пособием к монографии «Технологии и методики дискурсного воздействия» для обучения технологиям и методикам работы с дискурсом как инструментом воздействия.

Следует отметить ее большой вклад в развитии не только науки, но и университета в целом. С 1987 по 1998 годы – заведовала кафедрой русского языка для иностранных граждан подготовительного факультета КазНУ им. С.М.Кирова. По настоящее время работает профессором кафедры русской филологии, русской и мировой литературы. Продолжительное время Екшембеева Л.В. успешно вела работу главного ученого секретаря университета.

За свои заслуги, свой профес-

Формирование её как ученого, которое проходило в стенах КазНУ им. Аль-Фараби и продолжается и по сей день. В 1987 году защитила кандидатскую диссертацию "Образ женщины в героическом эпосе тюркоязычных народов", затем с 1998 по 2000 годы обучалась в докторантуре КазНУ им. Аль-Фараби. В 2000 г под руководством ученого с мировым именем, доктора филологических наук, профессора Сулейменовской Э.Д. была защищена докторская диссертация "Языковые модули и овладение языком". Она является автором более 160 научных работ, из них 3 монографии, 15 учебных пособий. Занималась вопросами дискурса. Ее выпущены ряд учебных пособий: «Дискурс-анализ в лингвистике». В монографии представлены исследования дискурсных стратегий и инструментов воздействия, ее представлена вторая глава монографии «Научный дискурс и проблема коммерциализации». Результаты исследования позволили заявить об интегративности как основном свойстве дискурса и предоставить их в виде интегративной теории дискурса.

«Дискурс-анализ в лингвистике», которое разработано с целью внедрения в учебный процесс магистерской подготовки по

Перед Казахским национальным университетом им. Аль-Фараби, осуществляющим подготовку педагогических кадров в магистратуре по специальности «7М01502-Информатика», постоянно стоит цель модернизации обучения, поиска условий, позволяющих подготовить педагогов, способных эффективно решать задачи, возникающие в реальной профессиональной деятельности. Педагогическая практика создает условия для выполнения магистрантами профессиональных действий в реальной образовательной организации.

Магистранты применяют концепцию «электронной педагогики»



Магистранты специальности «Информатика» в процессе прохождения четырехмесячной педагогической практики активно использовали информационные технологии при проведении занятий для бакалавриата факультета информационных технологий и исторического факультета. На занятиях использовались элементы дополненной реальности, интерактивные элементы, активные методы обучения, Smart и мобильные технологии обучения. Студенты с интересом участвовали в различных организованных на уроке педагогических ситуациях.

Магистранты с успехом применяли концепцию «электронной педагогики», которая в последнее время привлекает внимание продвинутых педагогов. Они считают, что информационные технологии обеспечивают для развивающего обучения немало преимуществ. Практиканты доказали, что педагогическая деятельность должна быть спроектирована с учетом требований

информационного общества к специалисту и должна реализовывать достижения информационных технологий при разработке каждого структурного элемента педагогической системы.

Мы в свою очередь, педагоги кафедры «Компьютерные науки» КазНУ им. Аль-Фараби, с гордостью и надеждой наблюдаем за показанным мастерством магистрантов использовать полученные знания в стенах университета на практике. Будущее за нашими выпускниками, и мы не сомневаемся, что они сумеют внести вклад для развития эффективности обучения IT-специалистов, которые так необходимы сейчас стране и желаем им дальнейших творческих успехов в их будущей профессиональной деятельности.

Лязат РАХИМЖАНОВА,
Тийштык ХАКИМОВА,
доценты факультета
информационных технологий

Электромагнитная энергия под контролем СЭС

Базовые станции – один из основных элементов системы сотовой радиосвязи. Они поддерживают связь с находящимися в зоне действия мобильными телефонами и работают в режиме приема и передачи сигнала. Электромагнитные излучения (ЭМИ) – это электромагнитные волны, создаваемые от антенн базовой станции. Установка и ввод базовой станции сотовой связи в эксплуатацию – длительный и подконтрольный процесс, который регулируется жесткими правилами на законодательном уровне Республики Казахстан.

Установка базовой станции разрешается только после получения санитарно-эпидемиологического заключения на проектные материалы, в котором отражены результаты расчетов ЭМИ, указаны границы санитарно-защитной зоны и зоны ограничения застройки. Санитарно-эпидемиологическое заключение выдается органами санитарно-эпидемиологической службы. Ос-

новным требованием к размещению базовых станций на любых зданиях и сооружениях является обеспечение предельно допустимых уровней электромагнитного поля как в помещении, так и на территории (не более 10 МкВт/см²). Согласно требованиям санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к радиотехническим объектам», антенны базовой станции разме-



щаются на уже существующих постройках любого типа и на специально сооружаемых мачтах. Для обеспечения качественной мобильной связи антенны базо-

вых станций направляются таким образом, чтобы основная электромагнитная энергия от них была собрана в тонком луче и не пересекалась с близлежащими

домами. Электромагнитную энергию излучает не вся базовая станция сотовой связи, а только ее антенны. И они не излучают постоянную мощность 24 часа в сутки. Мощность базовых станций зависит от одновременно разговаривающих или пользующихся мобильным интернетом людей в зоне действия этой базовой станции. Следовательно, ночью уровень электромагнитного излучения практически равен нулю.

Мухит АБДЫХАЛЫКОВ,
зам. нач. отд. безопасности и
охраны труда и ГО КазНУ

Абылкасым ЕЛЕПБЕРГЕН,
главспец. управления санитарно-эпидемиологического надзора Бостандыкского района



Үлкен Британика энциклопедиясына енген қазақ

Ғұламалар алыстаған сайын олардың ерек бітімдері айрықша асқақтай түседі. Отандық математиканың бүгінгідей биік деңгейге жетіп, мәртебесінің асқақтауына үлкен үлес қосқан жан – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Төлеубай Аманов.

Қазақ математика ғылымының даму, өсіп-өркендеу тарихына қатысты көп жағдай Т.Амановтың есімімен тығыз байланысты. Іргесін қазақ математикасының атасы – Сәдуақас Боқаев қалаған Семей математикалық мектебі Екінші дүниежүзілік соғысынан кейін Т.Амановтың арқасында өзінің бұрынғы тұғырына қайта көтерілді. Тап осы кезде бастау алған Т.Амановтың ғылыми-педагогикалық қызметі өңірімізде ғана емес, Отанымызда математиканың жаңа салалары мен тармақтарының дамуында өзіндік айрықша қолтаңбасын қалдырды.

Соғыстан кейінгі жылдардағы ғылымды қарамастан, Мәскеуге барып, ТМД-ның талай математиктер буынын тәрбиелеп шыққан қос академик М.Келдыш пен А.Колмогоровтардың қатал сынынан өтіп, солардың ақ бата-сымен ғылыми жетекшісі Ресей ҒА академигі В.Стеклов атындағы Математика институтының белді мүшесі С.Никольский болып, 1951-53 жылдары аспирантураға қабылданып Т.Амановтың ғылымдағы тасының өрге домалауы еді. Бас-аяғы үш жылдың ішінде би-

гормондық функцияның кей қасиеттері бойынша кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап, жаңа ғылыми идеялармен рухтанып елге оралды.

Математика барлық ғылымның падишасы болып саналса, ұстаздың қиыннан қиюын тауып, түрен салған ғылымы – «функциялар теориясы мен функционалдық анализ» сол математиканың негізі болып саналады. Тап осы салада «Аманов кеңістігін» ашып, өзін әлемге мойындатқан ғылыми ерлігі ұрпақтар санасында мәңгіге сақталады. Төлеубай Аманов математика ғылымының күрделі салалары болып есептелетін функциялар теориясы мен функционалдық анализді тереңдей талдап, өз тарапынан бірталай өзгерістер енгізді. «Енгізілу теоремасына» ұстазы, академик Никольскиймен бірлесе ұлан-ғайыр еңбек етіп, әлемге танылды. Осылайша көпжылғы ғылыми еңбегінің арқасында «кеңістіктің SB атты функциялық кластарының тұйық теориясын» жасаған, өзінің осы теориясының негізінде тікелей және керісінше енгізілу теоремалары толық дәлелденіп, оларды интерполяциялану, нақ шексіз сандардан комплекстеу әдістерін ашты.

1967 жылғы Сібір сапарынан еліне мерейі өсіп, көз майын тауысқан ғылыми жұмысы – «Аралас туынды басым келетін функция кластарының өзіндік қасиетін зерттеу» аса жоғары бағаланып, ғылым докторы болып қайтты. Одан бір жыл бұрынырақ болған, еліміздің есінде қалған Т.Амановқа қатысты ерекше оқиға: 1966 жылы дүниежүзі математиктерінің Мәскеуде өткен халықаралық XIII конгресіне түркі әлемінен маңдайы жарқырап жалғыз өзі қатысуы неге тұрады!?



Жиында Т.Аманов «Сыйыстыру және жалғастыру теоремалары» деген тақырыпта баяндама жасады. Енді сәл шегініс жасап, ғұламаның жолдасы А.Барлыбаевтың айтуы бойынша, ғалымның әлемге танылуы, еңбегінің бағаланып, «үш әріптің» рұқсатымен арнайы есепшот ашып, еңбегінің игілігін көріп, АҚШ-тан ақша алып тұруы қырғиқабақ соғыс кезінде елдің түсіне кірмейтін оқиға десек, ақиқаттан алшақ кетпейміз. Енді АҚШ-тан келген мына бір хат жолдары ғалымның әлемдік беделі қандай болғанынан сыр шертеді: «Қымбатты профессор Аманов! Америкалық математика қоғамы басылымдарының арасында сіздің ағылшын тәржімесіндегі мақалаңыздың болуын өзімізге құрмет санаймыз...» – деген хаттар легі 1966-75 жылдар арасында еш толастамады. Ғалымның өзі де шетелге ғылыми сапарларға шығып, Канада, АҚШ, Батыс Алмания, Англия сияқты елдердің ЖОО-ларында теорияларының, «Аманов математикасының» арнайы курс болып оқытыла бастауы жалғыз қазақтың ғана емес, бүкіл Орта Азияның ғылыми айбынын асқақтатқан

сол әміршіл-әкімшіл жүйенің ойына келмеген ғажайып оқиға деуге болады. Т.Аманов – атақты Үлкен Британика энциклопедиясына енген санаулы қазақтардың бірі.

Энциклопедиялық білімге ие ғалымды бір ғана ғылым саласына теліп қою ағаттық болар еді. Ғалым тек өз зерттеуін «ұлы ұлт» тілінде жазып, туған тілін өгейсіткен жоқ, қайта тілімізде бұрын болмаған математикалық ұғым-түсініктерді ана тілімізде сөйлетуге де, арнайы оқулықтар жазуға да белсене атсалысты. Қазақ ғылымы тіліне өз тарапынан бұрын баламалары болмаған дербес туынды, дербес шек, дербес қосынды, іштескен кесінділер сияқты талай жаңа сөздерді енгізді. Бұл Амановтың тілшілік қырын танытса, 1961 жылғы 18 сәуірде «Семей правдасына» Қажы Нұрсұлтановпен бірігіп жазған «Жас жанрдағы жаңа шығарма» атты көлемді мақаласы жерлесіміз, фантаст-жазушы Медеу Сәрсекеевтің әдеби әлемдегі тұсауын кескен құнды туынды болды. Онда қазақ әдебиетінде кенжелеу дамыған детектив пен фантастика сияқты прозалық жанрлардың спецификалық табиғаты, автордың жетістігі мен кемшін тұстары жан-жақты ғылыми нақтылықпен талданды. Сыныптастарының естелігі бойынша: Аманов сол кезде жастар арасында хитқа айналған «Три танкиста» деген туындыны қазақшалаған екен. Нота тануы, ғылымнан қолы босаған кезде гитарада ойнауы, халық және классикалық туындыларды жетік білуі ғұламаның сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі болғанын танытады. Қазақтың ірі ақындары тұтқындалып, атылған кездегі дәуірде жұтаңдаған Семей өңіріндегі әдебиет майданына Т.Амановтың ақын ретінде танылғанын

ғұламаның құрдасы Рахымжан Әубәкіров жыр қылып айтады. Әттең, Т.Амановтың бірде-бір әдеби туындысы сақталып қалмапты. Оны іздестіріп тауып, жұртшылық назарына ұсыну болашақ әдебиет зерттеушілерінің игі ғылыми мақсаты.

Аманов мектеп қабырғасында жүргенде спорт падишасы – шахматтан ересектер арасында республика жеңімпазы атанғанын бүгіндері екінің бірі біле бермейді. Үлкен ғылыми ерлігінің бірі қолдан жасалған орыстандыруға қарсы тұрып, Семей педагогикалық институтында қазақ бөлімдерін ашуы неге тұрады десеңізші!? 1957-58 жылдары бұрын жабылып қалған математиканы оқытудың қазақ бөлімдерін ашып қана қойған жоқ, қазақ тілінде сабақ беретін ғалымдар плеядасын өмірге әкеліп, қазақ білім беру саласының көсегесін көгертті.

Амановтардың математикалық династиясы қазақ ғылымының өркендеуіне өзінің зор үлесін қосуда. Бұрын өзін шақырып келтіре алмай жүрген шетелдерде енді, міне, өз бауырынан тараған ұрпағы: Нұргүл Төлеубайқызы АҚШ-тың Сан-Диего университетінің профессоры болып, қазақтың атын аспандатып, жұмыс істеп жатқан жайы бар.

Есімі XX ғасырдағы қазақ зиялыларының алдыңғы буын өкілдері: Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Тайманов, Ә.Марғұлан, А.Бектұров, Е.Бөкетов, А.Қайыпов, Ш.Есенов сияқты ғалымдармен қатар айтылатын тұлға туралы көкейімізде жүрген ойларды ақ қағаз бетіне түсіріп, рухына бас иеміз.

Оралтай ЖОЛЫМБАЕВ,
Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры

География және табиғатты пайдалану факультеті Картография және геоинформатика кафедрасының ұйымдастыруымен «Зілзала – 2023» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Оған Түркия елінде болған жер сілкінісіне еліміздің атынан көмекке барған «ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық жедел құтқару жасағы (Алматы қаласы)» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері қатысты.

Алдымен кафедра меңгерушісі Айжан Асылбекқызы білім алушылар мен оқытушыларға қонақтарды таныстырды. Олардың қатарында III бөлім басшысы Мәулен Жақанұлы, осы бөлімнің бас маманы Олжас Дүйсебайұлы, бөлім құтқарушысы Бүркіт Асанбаев болды. Бұл ашық сабақ өте

Құтқарушыларға құрмет

ауқымды тақырыпты қамтыды. Факультеттен барлық мамандықтар бойынша қызығушылық танытқан оқытушылар мен студенттер қатысты.

Ашық сабаққа келген құтқарушылар биыл Түркия мемлекетінде болған жағдайды өз көзімен көргендіктен, айтқан әңгімелері өте әсерлі болды. Апатты жағдайда құтқару жұмыстары қалай жүргенін баяндап берді. Газиян-теп қаласындағы құтқару жұмыстары жайында түсірілген видеотаспаны көрсетті. Сонымен қатар жалпы табиғи және техногендік қауіп болған жағдайда адам өзін қалай ұстауы керектігіне, қандай қауіпсіздік шаралар сақталуға тиіс екеніне тоқталды. Өз сөзінде Мәулен Жақанұлы: «Алматы қаласының сейсмикалық аймақта орналасуына байланысты ай сайын соғылатын сейсмодабылға жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік ережелерін сақтау – әр



адамның басты міндеті», – деді. Сондай-ақ төтенше жағдай кезінде басқаларға көмек көрсету азаматтық парыз екенін студенттерге айрықша түсіндірді. Мәулен Жақанұлы оқытушылар мен студенттерді мазалаған маңызды сұрақтарға қарапайым

тілмен өте түсінікті түрде жауап берді.

Профессор, «Табиғи техногендік қауіп-қатерлер» оқу бағдарламасының үйлестірушісі Әсима Ғалымжанқызы ашық сабақта сөз алып, жаңадан ашылған «Табиғи техногендік қауіп-қатерлер»

мамандығы жөнінде айтып өтті. Бұл мамандықтың құтқарушылармен тығыз байланысы барына және оның аса қажет мамандық екеніне тоқталды.

Келген қонақтарға ризашылығымызды білдіре отырып, түрлі сыйлық табыстадық және естелік ретінде суретке түстік. Болашақта бұл мекемемен тығыз байланыс орнатпақшымыз. Олар «Табиғи техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының студенттеріне арнап жұмыс орнына экскурсия жасауға және құтқарушылардың әртүрлі апаттарда қолданатын құрал-жабдықтарымен таныстыруға келісім берді.

Кездесу соңында табиғи апаттан зардап шеккен туысқан елге барып, басын қатерге тіккен құтқарушыларға оқытушылар мен студенттер «біздің елімізде ондай апатты жағдайлар орын алмасын, тыныштық болсын» деп және әрқашан жұмыстарын абыроймен атқаруларына тілектестік білдірді.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы

Үздік студенттер Үндістанға барды

Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының хинди бөлімінің 4-курс студенті Арай Дүйсенова және 1-курс магистранттары Зарина Әбілмәжінова мен Тоғжан Урумова Үндістанда өтетін хинди тілін оқитын студенттердің әлемдік форумына жолдама алды.



Студенттер жолдамаға конкурстық іріктеу арқылы қол жеткізді. Олар хинди тілін жетік меңгергендіктен, Үндістан тарихы, мәдениеті туралы білімдерін көрсете отырып, жоғары ұпай жинады.

Форумға 13 елден 31 жас делегат келді. Іссапар толықтай Үндістан өкіметі тарапынан қаржыландырылды. Са-

пар барысында Үндістанның алдыңғы қатарлы университеттеріне, тарихи жерлеріне мәдени саяхат жоспарланған.

Сапардың алғашқы күндері студенттер ICCR президенті, доктор Винай Сахасрабддхаман кездесті. Қызылфорд, Чандни Чоук тарихи орындарына бару, Премьер-

министр кітапханасын аралау, Ұлттық драма мектебінде хинди тілінде пьеса тамашалау ұйымдастырылған. Сонымен қатар студенттер Дели университетінде танымал ғалым, профессор Анил Райдың дәрісін тыңдау мүмкіндігін алды.

Студенттер Агра қаласына барып, ҚазҰУ-дың әріптес оқу орны – Орталық Хинди институтын, Тәж-Махал, Қызылфорд, ұлттық музей сияқты тарихи орындарды өз көзімен көрді. Жас үндітанушыларға Үндістан сапарына шығуға мүмкіндік беріп, қолдаған Қазақстандағы Үндістан елшілігіне, Үндістан мәдени байланыстар кеңесіне (ICCR), Свами Вивекенанда атындағы мәдени орталық басшыларына алғыс айтамыз.

Бота БОКУЛЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доцент м.а., PhD



Байқау жеңімпаздары марапатталды

Философия және саясаттану факультетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасы мен «KREATIVTI QAZAQSTAN» халықаралық ғылыми-әдістемелік орталығы бірлесіп ұйымдастырған «Қазақстан – достық пен мәдениет мекені» тақырыбындағы республикалық «Ең үздік эссе» байқауының жеңімпаздары марапатталды.



Байқау жеңімпаздарына Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Айнұр Дурбелеңқызы диплом мен серти-

фикат табыстады. Байқауға қатысқан оқушылар мен олардың жетекшілері ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Гүлзат СМАҒҰЛОВА



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА
ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.

1.2. Конкурсақа еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.

1.3. Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.

1.4. Конкурсақа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

2.1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық өлеуетін арттыру.

2.2. Конкурсақа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

2.3. Конкурсақа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсақа» деген айдармен жіберілуі қажет.

3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

3.1. Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.

3.2. Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп танылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.

3.3. Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.